

# Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: – Шығыстағы шаруалар шын мәнінде қуантады

25 маусым 2012 | 16:06 | Қоғам | Қаралған: 2436 | Пікірлер: 0



Еліміздің інжу-маржаны саналатын шырайлы Шығысқа өткен аптада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ ресми сапармен келгені белгілі. Сапарының басты мақсаты – өңірдің индустриалдық даму бағытымен танысу болғандықтан, Елбасы өңірдегі бірқатар өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысты.



## «Жұмыспен қамту – 2020» жұмыссызды жұмыс берушіге айналдырды

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ ең алдымен ат басын тіреген нысаны – «Өскемен арматура зауыты». Бұл зауыт еліміздегі кең спектрлі мұнай-газ өнімдерін шығаратын бірден-бір кәсіпорын болып табылады. Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына енген зауытта 2009 жылдан бастап «Өндіріс қуатын қайта жаңғырту» жобасы іске асырылуда. Оның жүзеге асуы өнім қуатын, өндірілген өнім санын арттыра отырып, жылына 6500 млн. теңгені құрайтын сауда өнімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек. Бүгінде Италия мен Чехиядан өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін 9 техникалық қондырғы сатып алыныпты.

Елбасы Үкімет мүшелерімен және облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВПЕН бірге зауыттың цехында болып, өндіріс қуатымен танысып, жұмысшылармен тілдесті.

Зауытта токарь болып жұмыс істейтін С.Давыденко Елбасыға «Зауытқа қош келдіңіз!» дей келе, кәсіпорынның индустриалдық жобаларды батыл жүзеге асырып жатқанын айтты. Сонымен қатар «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерде оқып, білім алып келген жастардың бүгінгі күні өндірістің өркендеуіне үлкен үлес қосып жүргенін жеткізді.

Аймағымызда «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы да жемісті жүзеге асуда. Өсіресе, ауылды жерде тұратын кәсіппен айналысқысы келетін көптеген азаматтар осынау ізгі бағдарламаның игілігін көріп отыр деуге болады. Осынау бағдарлама қолға алынған екі жылдың ішінде 183 жаңа несие серіктестіктері құрылып, 800-ден астам адам өз ісін дөңгелету үшін несие алыпты. Мысалы, өткен жылы 1 миллиард 209 миллион теңгенің, ал үстіміздегі жылы 1 миллиард 915 миллионның несие беріліпті. Өз кезегінде облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ осынау бағдарламаның ауыл тұрғындарына қанат бітіргенін, ертеңгі күніне сенімін оятқанын тілге тиек етті.

Сондай жандардың бірі – Күршім ауданында тұратын Болатбек Айтқожин. Ол 3 миллион теңге несие алып, киізден жасалған аяқкиім шығару ісін қолға алыпты. Қарамағында төрт адам жұмыс істейді.

– Пималарыма сұраныс бар. Тіпті, талап әкетеді. Алдағы уақытта өндірісімді кеңейтсем, – дейді Болатбек.

Сонымен қатар көрмеге жармалық жиһаз жасаушы кәсіпкер Берікхан Нұрпейісовтің, ұландық Жанымхан Кенжебазардың тігін бұйымдары, күршімдік Ләззат Кәкімованың бал өңдеу цехының өнімдері де қойылыпты.

«Жұмыспен қамту – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында өзінің арманын іс жүзіне асырған тағы бір кәсіпкердің бірі – Владимир Степаненко. Ол Шемонайхада көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін консервілейтін цех ашыпты. Сөйтіп, кешегі жұмыссыз азамат мемлекеттің тамаша бағдарламасының арқасында аймағына танымал кәсіпкерге айналып шыға келген. Мемлекеттік бағдарламаның шапағатын керген кәсіпкердің ісіне қызығушылық танытқан Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ пен облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ одан жобаның іске асырылу барысын сұрады.

– Мен «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша үш миллион теңге несие алып, шаруаға қажетті жабдықтар сатып алдым. Сонымен қатар ол қаржыға цех ғимаратын да жөндеуден өткіздім. Біздің шығаратын өнімдеріміз аудан халқының сұранысына ие. Өсіресе, тұздалған қызанақ пен қиярға сұраныс өте жоғары. Екі литрлік банкідегі консервіленген өнімдеріміздің бағасы да арзан. Небәрі – 220 теңге. Бір литрлік, тіпті, 80 теңге ғана тұрады. Ал тосаптардың бағасы 90-нан 200 теңге аралығында. Өз өңірімізде әзірге бізге тең келер бәсекелес жоқ, – деген Владимир Степаненко осындай қолдау-көмегі үшін мемлекетке зор ризашылығын білдірді.

## Камышинка тұрғындары Президентке алғыс айтты

Сонымен қатар Елбасы көрмеге қойылған «Азия Авто» зауытының, «Өскемен конденсатор зауыты» АҚ, «Ромат» фармацевтикалық компаниясы және т.б. кәсіпорындардың шығаратын өнімдерін де тамашалады.

Бұдан кейін Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ онлайн режимі арқылы Шемонайха ауданындағы «Камышинское» шаруа қожалығының төрағасы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Владимир Акуловпен тікелей байланысқа шықты. Владимир Акулов Елбасыға өз шаруашылығының жетістіктері туралы кеңінен баяндап берді. Шынында да, Акуловтың мақтанатындай жәні бар. «Камышинское» бұл күні өңіріміздегі ең әлауқаты жоғары ауылдардың бірі болып саналады. Владимир Акуловтың айтуынша, мұндағы қарапайым сауыншы 120 мың теңге айлық алатын болса, механизатордың айлығы – 200 мың теңге. Әрине, мұның бәрі Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ ауылға деген үлкен қамқорлығының арқасында мүмкін болып отырғаны сөзсіз.

Шаруашылық жылына 11,5 мың тонна сүт өндіреді. Әр сауын сиырдан 6200 литр сүт сауылады. Өткен жылы шаруа қожалығына сүт үшін 350 миллион теңге субсидия берілген. Соңғы үш жыл көлемінде 900 миллион теңгенің техникасы сатып алынған екен. Сонымен қатар Владимир Акулов Елбасыға жыл сайын әлеуметтік мақсатқа 40 миллион теңге жұмсайтынын да жеткізді. Шаруа қожалығы ауыл адамдарына 40 үй салып берген. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен жеті жас маман жұмысқа орналасыпты.

Биыл Камышинка тірек ауылдарының қатарына енген болатын. Алдағы уақытта ауылды одан әрі көркейтіп, гүлдендіру үшін 136,7 миллион теңгеге жуық қаржы жұмсалмақ. Тағы да 57 жұмыс орны ашылмақ. Сонымен қатар «Камышинское» ЖШС ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, көркейту үшін 97 миллион теңге бөлуді қарастырып отырған көрінеді.

Осындай тұрмысы жоғары ауылға еліміздің басқа да өңірлерінен көшіп келушілердің қатары артуда. Соңғы жылдары Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстарынан және де өңірдің басқа да аудандары мен қалаларынан 80 отбасы көшіп келген екен. Камышинка ауылы тұрғындары Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВҚА ауыл шаруашылығы саласындағы үлкен қамқорлығы үшін алғыс айтты.

– Бағыттарыңыз дұрыс! Мемлекет жыл сайын ауыл шаруашылығына қыруар қаржы салуда. Салынған қаржының қайтарымы болуы керек. Мемлекет әр уақытта ауылды, ауыл шаруашылығын қолдайды, ал ауылдықтар өз кезегінде жақсы өнім өндіруге тиіс. Сіздерге еңбекте зор табыс тілеймін. – деді Президент.

### **«Кэмонт» аймақты кенді өлке ретінде айшықтайды**

Жұмыс сапары күнінің екінші жартысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Өскемендегі өткен жылы пайдалануға берілген хоккей модулінде және облыс орталығының сол жағалау бөлігінде орналасқан «Кэмонт» акционерлік қоғамында болды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Қазақмыс» ЖШС-мен жасалған кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі меморандум аясында 275 миллион теңге қаражатқа салынған жасанды мұз айдыны бар жабық хоккей модулінде болып, жұмысымен танысты.

Бүгінгі таңда облыста хоккеймен мыңдаған адам айналысса, олардың ішінде үш әйелдер командасы жасақталған. Атапмыш хоккей модулінде 320 жасөспірім спорттың бұл түрімен айналысуға кең мүмкіндік алған.

Облыста хоккей спортын дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалуда. Өткен жылдың өзінде ғана Өскемендегі Спорт сарайы толығымен жөнделіп, облыс орталығында тағы екі хоккей модулі бой көтерді. Алдағы уақытта кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде Семей, Зырян, Риддер, Шемонайха қалаларында хоккей модульдерін салу жоспарланып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ хоккей модулін аралап, мұндағы спортшылармен тілдескеннен кейін өскемендік хоккей мектебінің жас тәлімгері, он бір жастағы Руслан Сағымбаевқа хоккей таяқшасын сыйға тартып, естелік қолтаңбасын қалдырды.

Мұнан соң Мемлекет басшысы қаланың сол жағалау ауданындағы «Кэмонт» акционерлік қоғамына келді.

Кәсіпорын жұмысының негізгі бағыты – жинақталған тарату қондырғылары мен орташа және төменгі кернеулі қосалқы станцияларды жасап шығару болып табылады. Өңірде ғана өндірілетін аталған кәсіпорынның мұндай өнімдері, ең бастысы, жоғары дәрежедегі сенімділігімен, қауіпсіздігімен, жедел жөндеуге болатын мүмкіндігімен, қызмет көрсетудегі қолайлылығымен, үлкен қуаттылығымен, құрастыруда және іске қосуда қарапайым жеңілділігімен ерекшеленеді.

Зауыттың жұмыс цехтарын аралау барысында бірден көзге шалынғаны мұнда жастардың көп екендігі. Мәселен, Ольга Матвеева осында алты жылдан бері жұмыс істеп келеді. Өуелі политехникалық колледжді кейіннен техникалық университетті тәмамдаған жас маман әріптестерінің көмегімен асинхронды двигательді қорғау қондырғысының зертханалық стенді жобасын жасап шыққан. Өзінің таныстыруы бойынша стенд асинхронды двигательде апатты жағдай орын ала қалған жағдайда қандай үдерістердің болып жатқанын тікелей бақылауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл жоба студенттерді оқыту процесіне қолдану мақсатында жергілікті университетке тапсырылатын болады.

Зауыт өнімдеріне деген сұраныс та жоғары. Ай сайын жоспарланған көлемдегі құрастыру жұмыстары орындалып отырады. Атап өтерлігі, мұндағы басты ерекшелік – жасалған өнімдер қазақстандық үлесті қамтамасыз етуді артырып, отандық ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен серіктестікті нығайтуға қомақты үлесін қосып жатқандығында. Мысалы, кезекті бір дайын құрастырылған өнімнің сыртына жазылған «Қазақстан алюминий» акционерлік қоғамына» деген жазу сөзіміздің жарқын дәлелі бола алады. Ал кәсіпорын ауласындағы ауыр жүк көліктері әзірленген сапалы өнімдерді тапсырыс берушіге жеткізіп қана қоймай, артық шығынды азайтуға және жүктің жүз пайыз жақсы сақталуын қамтамасыз етеді екен.

«Кэмонттың» цехтарында дайындалған электротехникалық құрал-жабдықтар металлургия, атом, химия, тау-кен өндірісі, мұнай және газ, өнеркәсіптік энергетика, ауыл шаруашылығы сапаларында, тұрғын үй құрылысында, қуат жүйесі нысандарында, сонымен бірге әлеуметтік мәдени, тұрмыстық бағыттарда кеңінен пайдаланылады.

«Кэмонтың» №1 құрастыру цехының жұмысымен танысқан Елбасыға кәсіпорын директоры Елена Беленцева зауыт тарихы 1949 жылдан бастау алатынын, 2004 жылдан бері заман ағымына сай акционерлік қоғам дәрежесін алғандығын, құрамында монтаждау, жобалау, қалыптау учаскелерінің бар екендігін баяндап берді.

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өндірістік цехтарды аралай келе, ұжымның алдағы жоспарларын, даму перспективаларын, дайын өнімдердің қайда жөнелтілетінін сұрастырып білді. Қазіргі кезде кәсіпорын еліміздегі ірі ұлттық компаниялармен серіктестікке, экономикалық тұрғыдан алғанда тиімді әрі жауапты тапсырыстар алып, орындауға дайын.

Мәліметтерге жүгінер болсақ, тауарлы өнім өндірісі 2011 жылы 9 700 миллион теңгені құраған. Үстіміздегі жылы бұл көрсеткішті 10 000 миллион теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда. Кәсіпорындағы 600-ге тақау жұмысшылардың орташа айлық ақысы 145 мың теңгенің айналасында. Сонымен қатар кәсіпорынның Ресей Федерациясында ашылған екіпдігі де бар. Елена Беленцеваның айтуынша, зауыттың дайын өнімдері географиясы жағынан алар болсақ, еліміздің барлық еңірлерін айтпағанда, көрші Ресейдің бас қаласы Мәскеуден бастап, жиырмаға жуық ірі өндірістік қалаларын, сонымен қатар Қырғызстанды, Моңғолияны қамтамасыз етіп тұр.

– Біз экспортқа бәсекеге қабілетті өнімдер шығарумен айналысатын осындай кәсіпорындарды кептел ашуға тиіспіз. Сіздердің кәсіпорындарыңыз Шығыс Қазақстанды индустриялды аймақ ретінде әйгілей түседі. Өңірде индустриялды бағдарламаларға үлкен көңіл бөлінуде. Мұнда тек түсті металлургия ғана емес, уран өндірісі, машина жасау, ауыл шаруашылығы салалары қарқынды дамып келеді. Облыстың экономикалық әлеуеті жыл сайын 30 пайызға артып келеді. Сонымен бірге әлеуметтік салаға кеңінен мән беріліп отырғаны қуантады. – деді Президент Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. – Сіздерде балабақшамен қамтамасыз ету мәселесі де жоғары деңгейде, 92 пайызды құрайды. Тұрғын үй құрылысы, шаһар шаруашылығы салалары да жақсы дамып келеді. Сіздерге тек сәттілік тілеймін.

«Кэмонт» акционерлік қоғамында болғанында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВПЕН бірге Үкімет мүшелері, Шығыс Қазақстан облысының Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ және басқа да ресми тұлғалар бірге жүрді.

**Мейрамтай Иманғали,  
Дәурен Аллабергенұлы**